



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

Исламдағы мистицизм



Дәрістің мақсаты: Исламда мистицизмнің пайда болуы және дамуы туралы білу.

Сабақтың негізгі терминдері: суфизм, фана, тарикат, бекташийя, сал-сері.

Суфизм – исламдағы эзотериялық, мистикалық, аскеттік бағыт.

Фана (араб. жоқтық, өмірдің жоқтығы) – сопылықтағы хал, өзіндік «Мен» Құдайға еріп, шынайы мәнге ие болу.

Тарикат (араб. жол) – Хақты танудың мистикалық әдісі. Сопылар тарикатқа рухани ұстаздар-пірлер, шейхтардың басшылығымен бірігеді.

Бекташийя – Хаджи-Бекташ XIII ғ. құрған сопылық тарикат негізінде Кіші Азия және Балқанға тарады.

Сал-серілер – қазақтардағы әскери-рухани бауырластық, XIX ғасырда әртістік шығармашылық топқа айналды.

Суфи – тасаууф. Суфизм – бұл исламдағы эзотерикалық, мистикалық, аскеттік бағыт. «Суфий» сөзі араб тілінен аударғанда «SWF» – فوس – жүн деген мағынаға келеді. К. Армстронг бұл сөздің мағынасын былай деп түсіндіреді: «Аскеттер сарайдағы шектен тыс байлық пен алғашқы үмметтің жүрегіндегі жалынның тәрк етілуіне қатысты көзқараста Мутазила мен Шииттер секілді қауіптенетін. Мәдинадағы алғашқы буын мұсылмандардың қарапайым тіршілігіне қайтуға тырысып, пайғамбар жақсы көрді делінген, дөрекі көрінетін жүннен тоқылған киімдер (арабша: суф) киетін. Нәтижесінде сопы ретінде танылды». Інжілде жүннен немесе қой терісінен жасалған киім – тақуа мен пайғамбардың белгісі. Арабтарда да исламға дейінгі заманда жүннен жасалған киім тақуалықтың белгісі болды.

Халлаж-Алаш. «Мастық хәлдегі сопылардан» басқа, «сергек сопылар» деп аталатын басқа да мистиктер болды. Олар К. Армстронгтың айтуынша: «Сергек сопылар» ретінде танылған басқа сопылар қалыпты, тебіреністері тізгінге келетін рухани жолды таңдады. Олардың айтуынша, Фәна – жоқ болу, жаңаша «менге» айналуы үшін бәқа (қайта жандану) хәлімен алмастырылуы шарт. Құдаймен тұтасу біздің табиғи қабілеттерімізді жоқ қылмай, оларды толыққанды қолдануымызға септесуі шарт.

Ибн Араби және болмыстың бірлігі. Мухиддин Ибн әл-Араби (1165–1240) – ойлары исламдағы құдай туралы түсінікке өте қатты ықпал еткен сопы, бірақ замандас еуропалықтар ол жайлы білмейді десек те болады. Әл-Арабиді аш-Шайх әл-Әкбар – «Ұлы Ұстаз» деп атаған.

1201 жылы Қағбаны айнала тәуап қылып жатқанында, Мухиддин Араби болмысында ұзақ уақыт әсерін сақтаған көрініске тап болды. Низам атты жас қызды көрді; қыз көк нұрына малынғандай еді. Оны Мухиддин Софияның, Иләһи Даналықтың инкарнациясы деп түсінді. Бұл тәжалли көрініс (инкарнация) философияның рационалды пайымының шеңбері Құдайды сүюімізге септігі тимейтінін түсінуіне мүмкіндік берді. Философия Алланың трансценденттілігін қуаттайды және Оған ешбір нәрсенің ұқсамайтындығын ескертеді. Мұндай бөтен Болмысты қалай сүйе аламыз? Тек қана жаратқан мақұлықтарында көрінген бір Құдайға ғашық бола аламыз; Футухату'л Маккиада («Мекке Аяндары»): «кез келген болмысты сұлулығы үшін сүйсеңіз, ол Құдайдан басқа болмыс емес, өйткені Ол Сұлу да Кемел Болмыс». «Осылайша бар қырынан алғанда ғашықтықтың мақсаты – Құдай». Шахадат кәлимасы бізге Алладан басқа ақиқат Құдайының болмайтынын еске түсіреді. Одан басқа сұлулық та жоқ. Құдайдың өзін көре алмаймыз, бірақ Низам секілді жүрекке сезім шабытын береді.

Тарикаттар және сопылық психотехника. XII–XIII ғғ. Суфизм барлық ислам әлеміне әйгілі болды. Тарикаттар – суфизмнің мектептері мен бағыттары пайда болды. Сопы шейхтерді тақуа ретінде қадірледі. К. Армстронг бұны саяси жағдаймен түсіндіреді: «Бұл кезең саяси белсенділіктің де уақыты: Бағдат халифалығы тарауға шақ тұрды, ал моңғол шапқыншылығы салдарынан мұсылман шаһарлары бірінен соң бірі қирап жатты.

Ислам мистицизмі жайлы дәрісті ұлы Ибн-Арабидің сөздерімен аяқтағымыз келеді:

Жүрегім менің әр қалыпқа кіре алады,

Поптар үшін бір монастырь,

Пұтпарасқа тас мүсін.

Қарақұрыққа шалғын шөп,



Шын тақуаға Қағба боп,
Құран менен Тәуратқа
Қажет болар бумадай,
Иманым менің ғашықтық,
Қай бағытқа керуен басын тура бұрса да,
Тек тура дін өзімде,
Өйткені, ол – ғашықтық.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Сопы әйел Рәбиа қандай екі жақты махаббат туралы айтты?
2. Сухавардидің алам-ал-митхал туралы ілімін түсіндіріңіз.
3. Аристотель және ибн Арабидің ойлау табиғатының ерекшелігі неде?
4. Ибн Араби бойынша «сеніммен жасалған Құдай» деген не?
5. Ахмет Ясауидің өмірі мен қызметі туралы баяндаңыз.
6. Бекташий сопылық бауырластығының ежелгі түркілік бастаулары қандай?

Бақылау сұрақтары

1. Суфизм деген не? «Суфий» сөзінің этимологиясы қандай?
2. Суфизмдегі «фана» деген не?
3. «Зікір» деген сөздің мағынасы қандай?